

3) зәкірлік - ішкі рейдте немесе рейдтік айлақта кеме тұрағын ұсыну;
4) арқандап байлау - кеменің арқандап байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу, кемелерді көшіру және қайта арқандап байлау, тіркеп сүйрегiштер ж ұ м ы с ы ;

5) табиғат қорғау іс-шаралары саласында - портта тұрған уақытта болған ластанудың (балластық сулардан басқа) барлық түрлерін кемеден қандай да бір ш е к т е у с і з қ а б ы л д а у ;

б) карантиндік - порттың мыналарды:

карантиндік жұқпалы аурумен ауыратындарды және жұқпалы ауру таратушы болуы мүмкін адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай ұсынуды;
порт аумағы мен объектілерін тиісті санитарлық жай-күйде ұстауды;
көлік кемелерінде, порт объектілерінде кеміргіштер мен жәндіктерді алдын ала жоюды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтері.